

Ахметбекова А., Қажынова М.

**«Қазақ» газетіндегі діни
дискурс**

Мақалада 1913-1916 жылдары жарық көрген «Қазақ» газетіндегі діни дискурс талданады. 20 ғасырдың басындағы қазақ халқының зиялы қауымы «Қазақ» газетіндегі діни дискурстың мазмұнын белгілеуде белсенділік танытып, ішкі факторлар негізінде дискурс компоненті болып табылатын мәтіндердің тақырыптарын айқындағаны айтылады. Діни дискурсты құрайтын компоненттердің ерекшеліктері көрсетіліп, мәтіндері тақырыптық тұрғыда зерделенді.

Түйін сөздер: діни дискурс, дискурс компоненттері, мәтін, субъектілер, хронотоп.

Akhmetbekova A., Kazhynova M.

**Religious discourse
in newspaper «Kazakh»**

The article discusses the “Kazakh” newspaper, which was published in the 1913-1916 years. In the early 20th century intellectuals Kazakh people took an active part in determining the content of religious articles, topics that had been identified by internal factors. Through the theme “Kazakh” article authors try to determine the characteristics of the religious discourse and to review the articles that are focused on reform ideas.

Key words: Religious discourse, components of discourse, text, actors, time-space.

Ахметбекова А., Қажынова М.

**Религиозный дискурс
в газете «Қазақ»**

В статье рассматривается газета «Қазақ», которая издавалась в 1913-1916 годах. В начале XX века интеллигенция казахского народа активно участвовала в определении содержания религиозных статей, темы которых были обозначены внутренними факторами. Через темы статей «Қазақ» авторы пытаются определить особенности религиозного дискурса и сделать обзор статьям, которые больше были направлены на реформаторские идеи.

Ключевые слова: религиозный дискурс, компоненты дискурса, текст, субъекты, хронотоп.

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ ДІНИ ДИСКУРС

Мерзімді баспасөз уақыт талабынан туған әр түрлі тақырыпты көтеру спецификасы тұрғысында институционалдық дискурстың барлық түрлерін қамтиды. Әсіресе халықтың дүниетанымының негізін құрайтын діни сенім-нанымға байланысты дискурстың БАҚ-та кең орын алуы заңдылық.

Егер де дискурсты – экстралингвистикалық факторларды (әлем туралы білім, көзқарас, айтушының мақсаты мен бағыты) қамтитын күрделі коммуникативтік құбылыс ретінде қарастырсақ [1], осы күрделі коммуникативтік құбылыстың құрамды бір бөлігі тұрғысында діни дискурс – қоғамның назарын дінге, ойын Құдайға бағыттайтын ерекше институционалды дискурс болып табылады [2]. Е.А. Кожемякин діни дискурсты догмалық пайымды, сакральды сезім мен мистикалық тәжірибені қалыптастыруға, трансляция жасауға, өзгертуге бағытталған белгілі бір жүйедегі тарихи және әлеуметтік-мәдени дәстүрлердің негізіндегі мағына тудырушы және мағына жасаушы қызмет деп түсінеді [3]. Бұл тұрғыда діни дискурстың бірнеше ерекшеліктері көрініс табады: салт-жоралылығы, театралдылығы, идеологиялылығы және эзотерикалылығы.

Діни дискурстың мерзімді баспасөз беттерінде белсенділік таныту кезеңдері екі фактормен байланысты: 1) ішкі факторға жататын халықтың рухани тұрғыда жаңғыру кезеңдері – бодандыққа, отаршылдыққа қарсы күрестің алғашқы қадамдары руханишылдық көрінісі болып табылатын діни сенімнен бастау алады; егемендік, тәуелсіздік жолында ұлттық тұрғыда өзін-өзі айқындау кезеңдері; қоғамдағы жаңа қатынастардың орын алуына негіз беретін діни реформалардың пайда болу кезеңдері; 2) сыртқы фактор халықаралық ықпалдастыққа не идеологиялық интервенцияға қатысты – сырттан келген сенім-нанымдардың автохтонды конфессиялармен қатынас кезеңдері, негізінде миссионерлік қызметтер нәтижесінде пайда болатын реакциялы ағымдардың дәстүрлі діндерді ығыстыру не өзгеріс енгізу талаптарынан туындайтын тартыстар кезеңдері. Діни дискурстың қызметі осы екі фактормен белгіленеді. Егер де В.И. Карасик бойынша, діни дискурстың құрылымы мақсаттардан, құндылықтардан, стратегиядан, хронотоп, мәтін, түрлі жанрлардан, ауызша және жазбаша материалдан, діни дискурсқа қатысушылардан (агенттер мен клиенттерден)

тұратын болса [4, 266-276], бұл компоненттердің мазмұны ішкі және сыртқы факторлардың қайсысы үстемдік етсе, соған байланысты өзгеріп отырады. Яғни аталған бұл кезеңдерде діни дискурстың аясы кеңейе түсіп, мазмұны да тақырыпқа байланысты түрленіп отырады.

Бұл өзгерістердің жүру үдерісін қарастыру үшін қазақ халқының алғашқы ұлттық газеттерінің бірі «Қазақ» газетіндегі діни дискурсты компоненттер тұрғысында зерделейік.

Діни дискурстың маңызды компонентінің бірі ретінде субъектілерге сипаттама берелік. Негізінен логика негізінде агенттер деп діни қызметкерлерді (имам, молда) атасақ, клиенттерге жалпы мұсылман қауым мүшелерін жатқызамыз. К. Чумакова субъектілер қатарына «делдалдарды», яғни журналистер мен БАҚ-тың өзін де жатқызады [2]. Бұл пікір құптарлық, өйткені «Қазақ» газетінде діни дискурста негізінен діни сауаты бар журналистер, қоғам қайраткерлері қатысқан. Олар көбіне діндарлардың теріс әрекеттерін сынау, қарапайым қазақтың орынсыз шығынға ұрынып, алданбау, дінмен бүркенген алаяқтардан сақтау мақсатын көздеген мақалалар жазған. Мысалы, «Орынсыз шығын» деп аталатын мақала авторы ретінде «М.Д.» көрсетілген. Газетті зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, бұл мақаланы Міржақып Дулатов (1885-1935) жазған. Мақалада елден ақша жинап, Медине қаласында медресе салуға қатысты автордың өз тұжырымдары жасалады. Үзінді келтірейік: «Мәдине секілді бір шаһарында қазақ үшін медресе салу қажет болғанда ең төмені орта дәрежедегі Түркияның тәртіпті медреселеріндей бұларға керек. Бұған ең кем болғанда екі жүз мың, һатта онан да артық сома керек. Біздің Мәдинедегі қазақ шәкірттері осы күнге шейін қандай медресе салмақшы екенін өздері де білмейді. Олар, бір үй сатып алып ішіне кіре қоюмен медресе бола қалады деп ойлайтын болса керек. Ал медресе салынсын, оған оқушы қайда? Осы арадан қанша шәкірт бармақшы? Ақырында бұл медреседе, бұрынғы қазақ теккелері секілді, әулиелік сатып жүрген сарт пен қожаның пайдасында қалмас па? Мұны да ойларға керек.

Ардақты қажыларымыз бен хазреттеріміздің ойлағандары ұлтына қызмет, іздегендері сауап болса, ат қайнатпай ақ, «мен мұнда» лап тұр емес пе. Бізге де, өздеріне де белгілі, осы қажылардың көбінің өз ауылдарында бұл күнге шейін бір тәртіпті бастауыш мектеп жоқ. Соны көре тұра дүниенің бір шетінен медресе ашпақшы. Оның үшін елден мал жинамақшы.

Бұ да орынсыз шығын емес пе?!» [«Қазақ», №53, 1914]. Бұл мақаланың коммуникативтік ерекшелігіне келетін болсақ, қазаққа деген жанашырлық сезімнің алға шығатыны сөзсіз. Автордың белсенділігі нақты деректермен және өз тұжырымдарын дәлелмен келтіре отырып жазғанынан көруге болады. Мәтіннен байқайтынымыз, ол әр шәкірттің атын біліп, жүріс-тұрысынан хабардар. Мақаланың мазмұны діни мәселелерден гөрі, дінді пайдаланушыларды сынау, алаяқтардан сақтану, мақтаншақтыққа жол бермеу, әр істі нәтижесімен өлшеу сияқты мәселелерге арналған. Яғни «Қазақ» газетінің журналистерінің (делдалдардың) мақалалары діннің рухани қызметін жаңғырту, мұсылманның моральдық бет-бейнесін жасауға бағытталған деп айта аламыз.

Діни дискурсты басылымда нақты айқындайтын компоненті мәтін болып табылады. «Қазақ» газетіндегі мәтіндерді тақырып тұрғысында бірнеше топқа бөлуге болады:

Қазақтың Мүфтилікке (Духовное Собрание) кіру және Мүфтилікті ұйымдастыру мәселелері. Бұл тақырыпқа Ғұмар Қараш (1875-1921) сынды ахонд лауазымына ие болған діни сауаты жоғары қайраткерлер қалам тартқан. Мүфтилік арқылы қазақ жеріндегі діни мекемелерді бір жүйеге салу, тәртіпке келтіру мақсатын көздейді.

Шарғи мәселелері, яғни шарифатқа қатысты діни заңдарды интерпретациялау Ғұмар Қараш сияқты ағартушылардың реформаторлық идеяларынан хабар береді. Мысалы, «Хамидаллаһ Наубетов жазады: «Мухтарам Ғұмар әпанди! «Қазақ»-тың 36-нші нөмірінде «Сарқанттан теллеграмм» деген мақалада құрбандықты шалмай 5 сомнан құрбан басына һақ кесіп жиіп алып студенттерге жәрдемге жібереді; бұл іс қазақ арасында бұрын болмаған оқиға болғандықтан, аң-таң қалып: жаным бұл дұрыс пе екен? Қан шығырмай ақшадай һақ кесіп үлестіру шарифатта жарай ма екен?» [«Қазақ», №50, 1914] сияқты сұрақтарға берген жауаптың сол кезеңде де, қазір де батыл екенін атап өту керек. Осы тақырыптас мақалалар қазақ даласындағы «жәдидизм» қозғалысының бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін айқындауда көп мағлұмат беретіні сөзсіз.

«Қазақ» газетінде мұсылмандардың жүріс-тұрыстарының мұсылманшылыққа сәйкес болуына мән беріп, теріс қылықтары қатты сынға ұшырап отырады. Әсіресе қажылардың дүние үшін қажы атына кір келтіретін әрекеттерін әшкере ету мақалалары кездеседі. Мысалы, «Екі қажы» деген мақалада былай делінген: «Шу

елінде белгілі екі қажы бар: Усембай Құрман ұғлы һәм Ошан Юсуп ұғлы, бұлар бұл елдің «үлкен моллалары». Екеуі де малға бай болса да, ынсапқа кедей адамдар. Бұлар пәтуа беріп отыр: «Молланың босағасы алтын болса да, зекет, пидия алуы дұрыс» деп. Елдің кем-кетігі, ғылым жолындағы кемшілігі ескерілмейді. Осы қажының туысқаны Елеу деген өлді. Марқұмның бес қарасы, 150 сом борышы бар еді. «Байламасандар болмайды» деп, жалғыз кер атын пидияға байлатып екі қажы өздері алды» [«Қазақ», №139, 1915].

«Қазақ» газеті мұсылмандар мұқтажына бағытталған басылым ретінде ислам дініндегі парыздарды атқаруға қатысты бірнеше мәселелерді қарастырады. Соның ішінде қазақ мұсылмандардың қажылық сапарларына байланысты бірнеше кеңес берген мәтіндермен танысамыз. Осы тақырыптың газет бетінде бірнеше рет қайталанып отыруы қажылыққа аттанушылар қатарының көбейіп, қазақ даласында мұсылманшылыққа деген оң қатынастың орын алуын көрсетеді. «Қазақ» газетінде әсіресе қажылық сапарына қатысты тұрмыстық кеңестер беру, жолмен, қаражатпен байланысты сұрақтарға жауап беру мақалалары өзекті тақырып екенін байқауға болады. Мысалы, осы газеттің 1913 жылғы 23 июльде (шілдеде) шыққан №23 «Қажы жолы» деген мақала жарияланған. Мақала «жолға алатын нәрселер», «қажы жолына керек нәрселер», «қайда және қалай жүру» тақырыптарына байланысты нақты кеңестер берілген: «Бір көрпе, бір жастық, бір сырған мақталы шапан, бес-алты пар іш-киім, бес-алты сүлгі орамал, бір-екі дастархан, төсек жастықты орайтын бір алаша, яки жұқа кілем. Тон, ішік, күпі сықылды қалың киімдерді, қыс қайтқанда керек болатын, от-арбаға мінетін жерде қалдырып, сақтатып қоярға я елден ат апарғандар алып барарға керек. Қажыға баратын адам кент үлгілі киім киіп, қыр киімін тастарға керек. Азық түлікті көп алу керегі жоқ: қаптап құрт, қарындап май, теңдеп сүр арту құр масыл болады. Ескі азықтан аурулы жерлерде қауіп көп. От-арбада, параходта ақша аямаған адамға тамақ табылады. Қажы жолынан ақша аяйтындарға барудың керегі не?». Бұл мақаладан қажылыққа барып қайтқан немесе барып келген адамдардан көп мағлұмат алған, орыс тілінен де хабардар, көзі ашық, қала мен дала қазағын жақсы білетін, қазаққа жанашыр адамның сөзін танимыз. Мақала авторы (немесе авторлары) жолға шыққан адамға практикалық кеңес беріп тұр. Қарапайым қазақтың сырттағы шарасыз халіне

жаны ауыратын, тіпті қажылық жолда кездесетін қиындықтарды нақты атай отырып, оларды айналып өту жолдарын көрсету, содырлардың әрекеттерінен сақтандыруға қатысты кеңестер әбден өлшеп-пішілген. Сондай-ақ кеңестен қажылық мәнін тереңінен білетін діни сауаты бар адамның бейнесінен хабардар боламыз.

Осы тақырыпқа «Қажылар хаты», «Қажы сапарын жеңілту турасында» деген мақалаларды жатқызуға болады.

«Қазақ» газетінде діни толеранттылық, басқа да конфессияларға объективті көзқараспен қарауға бағытталған көркем әңгіме, мысал, аңыз түріндегі мәтіндер орын алады. Мысалы, 1913 ж. 2 ақпан айында жарияланған «Қазақ» газетінің №1-де пұтқа табынушы, яһуди, брахмалық абыз, католик, протестант, мұсылманның Құдай ұғымына берген түсініктемелерін қамтитын мына әңгіме былай басталады: «Ғалым кофеханаға кіріп, диванның үстіне жатып бір шыны аяқ сусын сұрады. Сусынды ішіп салып еді, ішін қайнатып, ойын қозғады. Сонда ғалым құлына дауыстап: «Әй, оңбаған құл! Сен қалай ойлайсың? Құдай бар дейсің бе? Жоқ дейсің бе?» – деді. Құл айтты: «Әрине, құдай бар деймін». Солай дейді де, беліне қыстырған ағаштан жасаған бір кішкентай нәрсе суырып алып «Міне құдай!» деді. «Жан болып жаратылғаннан бері мені сақтайтын осы. Біздің жұртымыз табынатын біздің жақта әулие ағаш бар, мынау нақ соның бұтағынан істелген», – дейді. Бұлардың сөйлескен сөзінен кофеханада адамдар естіп, таңырқасты. Оларға қожасының сұраған сауалы да құлының қайырған жауабы да таң көрінді».

Осыған мазмұндас мәтіндерден діни дискурстың пәндік компонентін тануға болады. «Құдай», «Сенім» сияқты концепциялар діни дискурстың негізін құрайды. Алайда «Несмотря на то, что предметная область является основой религиозного общения, в СМИ она не проявляется настолько ярко, как другие составляющие религиозного дискурса. Она скорее представляет собой скрытую цель, к реализации которой стремятся СМИ как посредники в религиозном общении. Так как СМИ не могут напрямую вести религиозную пропаганду, то передачи религиозного толка являются своего рода альтернативой прямого влияния» [2]. К. Чумакованың бұл пікіріне сүйенсек, «Қазақ» газетіндегі пәндік компоненті құрайтын «Құдай», «(Діни) Қауымдастық», «Сенім» мазмұны белгілі бір дінді уағыздаудан гөрі, «ақиқат дінді» айқындаудан гөрі, діндер әр түрлі болғанымен, барлық адамдардың сенетін құдайы – Бір Құдай деген тұжырымды құлаққа

да, сана-сезімге де салу мақсатын тануға болады. Егер де сыни мәтіндер әр нәрсені өз атымен атайтын публицистикалық тілді қолдануға бейім болса, пәндік компонентке қатысты мәтіндер аллюзия, ишара, мысал түрінде берілгенін байқаймыз. Дегенмен, бұзақылардан не өкімет тарапынан қысым көрген мұсылмандардың жағдайын айтып жеткізу, қамқорлық танытуға бағытталған «Кәріс мұсылмандары» [«Қазақ», №128, 1915] деп аталатын мақалада «сенім тұрғысындағы қауымдастық» өзекті тақырып екендігін көрсетеді.

Діни дискурстың тағы бір компоненті хроно-топ болып табылады. «Қазақ» газетінде дискурс Орынбор, Петербург, Уфа сияқты қалалармен байланысты.

Қорыта келгенде, «Қазақ» газеті діни дискурсты алғаш БАҚ-та кең қолданысқа салып, мұсылмандардың жаңа заманға бейімделуіне, өзгеруіне үндеу салған басылым. Бұл газеттегі діни дискурс халықты адамгершілік тұрғыда биік болу, рухани дамуына, кемелділікке ұмтылу мазмұнына құрылды. Газет бетіндегі діни дискурсқа қатысушылар қатарын негізінен діни сауаты бар қоғам қайраткерлері құрады. Діни дискурстағы субъектілер қатынасы діни сауаты бар зиялы қауым мен қарапайым қара халық өкілдері арасында орнады. Ал молда, имам сияқты діни қызметкерлер «Қазақ» газетіндегі дискурстан сырт қалып отырғаны байқалады.

Әдебиеттер

- 1 Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003. – 280 с.
- 2 Чумакова К. Религиозный дискурс в Масс-медиа // <http://discourseanalysis.org/ada6/st47.shtml>
- 3 Кожемякин Е.А. Религиозный дискурс: методология исследования. <http://cyberleninka.ru/article/n/religioznyy-diskurs-metodologiya-issledovaniya>
- 4 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.

References

- 1 Makarov M.L. Osnovy teorii diskursa. – M. ITDGK «Gnozis», 2003. – 280 s.
- 2 Kristina Chumakova. Religiozniy diskurs v Mass-media // <http://discourseanalysis.org/ada6/st47.shtml>
- 3 Kozhemyakin E.A. Religiozniy diskurs: metodologiya issledovaniya. <http://cyberleninka.ru/article/n/religioznyy-diskurs-metodologiya-issledovaniya>
- 4 Karasik V.I. Yazykovoi krug: lichnost, konseptu, diskurs – Volgograd: Peremena, 2002. – 477 s.